

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

определениях экологических прав граждан, отсутствие эффективной ответственности за нарушение экологических прав граждан, мы рассмотрели этот вопрос в целях изучения интенсивного опыта государств – членов Европейского Союза.

Список использованных источников:

1. Merrils J.G. Environmental protection and human rights: conceptual aspects. – Oxford, Clarendon press, 1998. – 204 p.
2. Douglas Scott S. Environmental rights in the European Union – Participatory democracy or democratic deficit? – Oxford, Clarendon press, 1998. – 215 p.
3. Межправительственная конференция по образованию в области окружающей среды, созванная ЮНЕСКО в сотрудничестве с ЮНЕП. Закл.докл. – Париж. ЮНЕСКО, 1978. – 99 с.
4. Декларация по проблемам окружающей человека среды Стокгольмской конференции ООН. //Документ ООН A/CONF. 48/14. – Нью-Йорк, 1972. – 50 с.
5. Draft Principles on Human Rights and the Environment // UN Commission on Human Rights, Sub-Commission on Prevention of Discrimination and Protection of Minorities. Human Rights and Environment, Final Report of the Special Rappourter. UN Doc: ECN.4.Sub.2/:1994/09.07.1994. – 109 p.
6. Право Европейского Союза. Учебник / под ред. С.Ю. Кашкина. М.: Юрист, 2002. – 925 с.

УДК 349.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДЕГІ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Нургыдырова Арайлым

nurgydyrova-arai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның заң факультетінің 1 курс магистранты. Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Е.Н. Нургалиева

Тәуелсіздік алған жылдарынан бері Қазақстан Республикасы саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық, азаматтық бейбітшілік және келісім жағдайында, әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуда.

Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан Республикасында кәсіптік одақтардың қызметін реттейтін арнайы нормативтік құқықтық акт болып 2014 жылғы 27 маусымда қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады [1]. Аталған Заң азаматтардың бірлесу бостандығына, кәсіптік одақтарды құруға, олардың қызметіне, қайта ұйымдастыруға және таратуға конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеп отырады және кәсіптік одақтардың күшейтуге бағытталған рөлі мен функцияларын, қол жеткізу және қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға, қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Кәсіптік одақтар туралы Заңға сәйкес «кәсіптік одақ - Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін ерікті түрде құрылатын, тіркелген мүшелігі бар қоғамдық бірлестік» болып табылады (1 бап).

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестіктің негіз қалаушы құжаты болып, Қазақстан Республикасы Үкіметі, жұмысшылардың республикалық бірлестіктері және жұмысберушілердің республикалық бірлестіктері арасында жасалатын Бас келісім табылады. Бүгінгі күні 2014 жылдың 25 желтоқсанында жасалған 2015-2017 жылдарға арналған Бас келісім қолданыста.

Сонымен қатар, республика бойынша салалық деңгейде 20 салалық (тарифтік) келісімдер, облыстар деңгейінде 16 аймақтық келісімдер жасалды. Аталған келісімдер экономиканың салалары мен аймақтардағы жұмыскерлердің әлеуметтік-еңбек қырларын қамтиды [2].

2015 жылдың 20 маусымына берілген мәсімет бойынша Қазақстан Республикасында қызметкерлер құқықтарын қорғау бойынша 896 кәсіптік одақ ұйымдары тіркелген, оның ішінде:

2 - кәсіподақтардың республикалық бірлестігі:

40 - өнеркәсіп кәсіптік одақтары:

150 - жергілікті кәсіптік одақтарды:

14 – кәсіптік одақтардың аумақтық қауымдастықтары мен

132 - барлығы еңжар болып табылады [3, 131б.].

Кәсіптік одақтар туралы Заңның күшіне енгеннен кейін 896 кәсіптік одақтардан 163 мекеме қайта ұйымдастыру іс жүргізуіне тіркелді және 37 кәсіптік одақтардың ұйымдары жойылды.

Қазіргі таңда «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы» республикалық кәсіподақтар бірлестігі салалық кәсіптік одақтарды және аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерін біріктіретін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Федерация қызметінің нысаны және мақсаты – мүшелік ұйымдардың әрекеттерін кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауға өкілдік ету үшін шоғырландыру және үйлестіру, кәсіптік одақтардың қызметіне құқықтық кепілдікті қамтамасыз етуге септесу.

Федерацияның жоғарғы органы болып Федерацияның Бас кеңесі 5 жылда бір рет шақырылатын Съез табылады. Федерацияның басшы органы болып Федерацияның Бас Кеңесі табылады.

Кәсіподақтар Федерациясы мен оның мүшелік ұйымдары қызметінің аса маңызды тағы бір бағыты – еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне баса назар аударуды қамту мен күшейту, жұмыс берушілер және мемлекеттік органдар алдында жұмыскерлердің құқықтарын қорғау.

Сондай-ақ, кәсіподақтар заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру арқылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы ұлттық саясатты әрі қарай дамыту мен күшейту мақсатындағы қызметін жалғастыруда. Соның ішінде, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығы басымдылығын қамтамасыз ету, жұмыс берушінің қауіпсіз еңбек жағдайын жасауы, түпкі нәтижесінде еңбек жарақатын болдырмау көзделген жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың тиімді жүйесін құру уәждемесін жоғарылатуға бағытталған экономикалық шаралар әзірлеу.

Федерацияның басты міндеттерінің бірі – өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру және мемлекеттік еңбек инспекторлары жүргізетін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайын кешенді тексерулер барысына қатысатын қоғамдық инспекторлардың ролін күшейту болып табылады.

Федерация Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және басқа нормативтік құқықтық актілеріне, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей принциптері мен нормаларына, «Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясы» Республикалық кәсіподақтар бірлестігінің Жарғысына сәйкес жұмыс істейді.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында кәсіптік одақтар жұмыс берушілер мен қызметкерлерге құқықтық көмектесуді және өзге де көмек көрсетуді жүзеге асырады. Егер,

жұмыс беруші мен кәсіптік одақтар арасында даулар пайда болған жағдайда, ол іс бойынша шешімді сот шығарады. Кәсіптік одақ Еуропа елдерінен енгізілген институт болып табылғандықтан, Қазақстан Республикасының кәсіптік одақтардың жұмысы Еуропа мемлекеттерінің кәсіптік одақтарының қызметімен ұқсас болып табылады. Бірақ айырмашылықтары өте көп болып келеді.

Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясы қызметінің 2015-2020 жылдарға арналған стратегиясының 1-бөліміне сәйкес: кәсіптік одақтар Қазақстанның даму жағдайында тәуелсіздік алған жылдарынан бері Қазақстан Республикасы саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық, азаматтық бейбітшілік және келісім жағдайында, әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуда.

Мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларда «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» және «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының келешегі және еліміз бен әрбір қазақстандықтардың тағдырының жаңа белестері қарастырылған [4].

Уақыт пен заман талабына сәйкес кәсіподақтар Федерациясы кәсіподақтарды біріктіру мен кеңейтуге, еңбек қатынастарын реттеуде олардың рөлін арттыруға, әлеуметтік әріптестікті дамытуға, ұйымдастырушылық-қаржылық жұмысты жетілдіруге, кәсіподақ кадрларының жауапкершілігін көтеруге, олардың резервін даярлауға, еңбек ететін әйелдер және жастармен жұмыс істеуге, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысуға бағытталған жаңа бағыт алды. Кәсіподақтар қызметінде жаңа идеялар мен өзге де шешімдер қолдау тауып ендірілуде. Кәсіподақтар Федерациясы мен оның мүше ұйымдарының қызметін реформалаудың және жаңғыртудың түпкілікті идеясы мынадай: кәсіподақ қозғалысының жаңа моделін құру, кәсіподақтардың қоғамдағы орнын одан әрі нығайту, әлеуметтік әріптестікті жетілдіру, жалдау еңбегіндегі тұлғалардың еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүддесін толықтай қорғау болып табылады.

Кәсіподақтар Федерациясы және оның мүше ұйымдары еңбек нарығы мен кәсіби білім арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдармен және Ұлттық біліктілік жүйесін енгізу бойынша республикалық жұмыс берушілер бірлестігімен жұмысты бірлесіп жалғастыратын болады, бұл сұраныс бар мамандарды ұзақ мерзімді жоспарлауды жүзеге асыруға және еңбек нарығы мен білім жүйесі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін болады.

Кәсіподақтар:

- тұрғындардың жұмыспен қамтылуының белсенді жобаларына жеке жұмыспен қамтылған тұлғаларды, жұмыссыздарды және аз қамтылған тұлғаларды тарту бойынша мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қатысатын болады;

- еліміздің геосаяси мүддесін, әлеуметтік-экономикалық дамуды, ұлттық бірігуді нығайтуды ескере отырып, көші-қон заңнамасын жетілдіруге белсене қатысады;

- салалық және өңірлік келісімдерде 50 жастан асқан тұлғалардың жұмыс орнын сақтап қалу және лайықты еңбек жағдайын жасау жөніндегі ережені бекітуге ұмтылады;

- білім деңгейінің еңбек нарығы қажеттілігіне сәйкес болуына қол жеткізеді;

- кірісінің деңгейіне қарамастан тұлғалардың кәсіптік білім беру жүйесіне қол жеткізуіне, кәсіби біліктілігін жоғарылату мүмкіндігіне ие болуға және жоғары еңбек ақы алуға, өмір бойы еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін ұлттық біліктілік жүйесін енгізуге ықпал ететін болады [5, 310 б.].

«Кәсіподақтар туралы» заң кәсіподақтарға еңбек заңнамасы мен локальді құқық нормаларының орындалуына қол жеткізуіне жол беріп қана қоймай, қызметкерлердің жағдайларын заңмен салыстырғанда жақсартуға жол береді.

Олар мемлекеттің әлеуметтік саясатының қалыптасуына қатысады, себебі өз мүшелерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін бағдарламалар мен жоспарлар, жұмыспен қамту, кірістерді индексстеу, еңбекақының, зейнетақының, стипендиялар мен сыйақылардың төмен мөлшерін көтеру туралы бағдарламалар қабылдайды және оларды ұсыныс ретінде құзіретті мемлекеттік органға жібереді (24-б.). Жұмыс берушілердің

(олардың өкілдерінің), әлеуметтік әріптестікте өз органдарымен өкілеттілігін танытатын мемлекеттің де шешімдеріне өзінің белсенділігі, табандылығы нәтижесінде ықпал ете алатын кәсіподақтарға ерекше рөл берілген [6]. Қосымша сипатты иемденген және ҚР Еңбек кодексімен салыстырғанда еңбек қатынастарын реттеу кезінде жұмыс берушінің шешіміне ықпал ету мүмкіндіктері кеңейтілген кәсіптік одақтар туралы заңда қарастырылған кәсіподақтардың құқықтарының негізінде әлеуметтік-әріптестік бастамалар жатыр.

Өзінің қорғаншылық функцияларын тек жұмыс берушілер өз жеке кәсіпорындарында өз қаражатын жұмсау арқылы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге болатындай жағдайлар жасаса ғана жүзеге асыра алады. Өзірше кәсіподақ комитеттерінің көпшілігі жеке кәсіпкерлермен қатынасқа түсуге ұмтылмайды. Дәл осы еңбек сферасында қызметкерлердің құқықтарын қорғау қағидалары негізінде кәсіподақтар өз қызметтерін атқаруы тиіс [7]. Кәсіптік одақтар туралы жаңа заң қызметкерлердің өкілдеріне қарағанда, кәсіподақтарға, оларды еңбек сферасындағы көптеген мәселелерді шеше алатын субъекті ретінде қарастыра отырып, басты рөлді ауыстырды.

Кәсіподақтар Федерациясы, оның мүшелік ұйымдары еңбекті қорғауды басқарудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін енгізуді, еңбекті қорғаудың корпоративтік мәдениетін дамытудың басым міндеті және оның бір бөлігі болатын жағдай жасауды бастамашылық етеді және олардың енгізудің барлық құралдарын пайдаланумен кезең-кезеңмен іске асыруға ықпал етеді.

Қазақстанның кәсіподақтар Федерациясы қызметінің негізгі мәселесі Федерацияның және оның ұйымдастырушылық құрылымдарының кәсіподақ қозғалысының бірлігі мен шоғырлануын бекітуге қызметі жұмыстарын жетілдіру болып табылады. Осындай мақсаттарда, кәсіподақтар Федерациясы заманауи жағдайларға сай келетін және жұмыскерлер мүдделерінде кәсіподақтардың шамасын пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіподақ қозғалысын жаңғырту, оның моделін құруды жалғастырады.

Кәсіптік одақтар туралы Заңы негізінде, Федерациямен қабылданған Тұжырымдамасы шегінде салалық кәсіподақтарды біріктіру және кеңейту жұмыстарын жалғастыру қажет. Белгіленген мерзімдерде Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысының бірлігі мен ынтымақтастығына ықпал ететін кәсіподақтар Федерациясының және оның мүшелік ұйымдарының тиімді құрылымын құру қажет.

Қолданылған әдебиет

1. 2014 жылғы 27 маусымда қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // <http://online.zakon.kz>
2. <http://www.fprk.kz/kk/node/107>
3. Омарова Э.Б. Особенности развития профсоюзов в Республике Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции «За права трудящихся. К 110-летию профсоюзного движения в России». - УрГЮУ, Екатеринбург, 2015. - С.131.
4. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // <http://www.inform.kz/kaz/article/2622266>
5. Нургалиева Е.Н., Карибаева А.К. Кәсіптік одақтар: олардың қызметінің теориясы мен тәжірибесінің кейбір мәселелері //Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-жылдығына арналған «Қазақстан Республикасы Конституциясы – қалыптасқан мемлекеттің басты заңы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2015. 310 б.
6. Снигирева И.О. Профсоюзы в правовом поле России / В кн. Профсоюзы и актуальные проблемы трудового, корпоративного и социального права. Минск. 2013. С.60-61.
7. Нургалиева Е.Н. Социальная политика и трудовое право / Материалы международной научно-практической конференции «Социально-экономическое развитие государства в условиях мирового финансового кризиса». Филиал ФГБОУ. ВПО. Щадринск. 2012. С.355-356.